

Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының 3-тармағын, 6-бабының 1-тармағын, 8-бабын және 66-бабының 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 12 сәуір N 1/2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 9 Қаулысымен

Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Т.Г.Квятковскаяның және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының әділет вице-министрі А . Н . К о т л о в т ы ң ,

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы Б.М.Имашевтың, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің төрағасы К.П.Пірімқұловтың, Сауда-өнеркәсіп палаталары одағының бірінші вице-президенті И.С.Дацюктің, Сауда-өнеркәсіп палаталары одағының вице-президенті Т.И.Кононованың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Республика Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы K951000_ 3-бабының 3-тармағын, 6-бабының 1-тармағын, 8-бабын және 66-бабының 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады .

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашыны - Конституциялық Кеңес мүшесі В.Д.Шопинді, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 11 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының 3-тармағын, 6-бабының 1-тармағын, 8-бабын және 66-бабының 5) тармақшасын Ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті .

Өтініште баяндалғанындай, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000 жылғы

6 қыркүйекте Парламент Мәжілісіне енгізген, "Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп және қолөнер палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарау процесінде, оған ұсынылып отырған кейбір түзетулердің конституциялылығына байланысты депутаттарда күмән пайда болған, атап айтқанда, сауда-өнеркәсіп палаталарына тауардың шығу сертификаттарын куәландыру құқығын беру туралы. Осы жағдай, тауардың шығу сертификаттарын куәландыру мәселесіне қатысты қолданыста Конституцияның жоғарыда аталған нормаларына ресми түсіндірме беру үшін, бір топ депутаттардың Конституциялық Кеңеске жүгінуіне себепші болған.

Осы өтініш бойынша жиналған материалдарды зерделеп шығып, Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Тауардың шығу сертификатын куәландыру құқығы туралы мәселе екі рет Конституциялық Кеңестің қарау нысаны болып, ол жөнінде нормативті қаулылар қабылданды: "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы өтініші туралы" 1998 жылғы 31 шілдедегі N 5/2 S980005_ ; "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 9 желтоқсанда Республика Парламенті қабылдаған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінімі жөнінде" 1999 жылғы 18 ақпандағы N 15/2 S990015_ . Екінші қаулыға Республика Президенті қарсылық білдіріп, оны Конституциялық Кеңес еңсерген болатын (1999 жылғы 29 наурыздағы N 15/3 қаулы).

Аталған қаулыларда Конституциялық Кеңес, тауардың шығу сертификаттарын куәландыруды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыруға тиіс , мемлекеттік емес ұйымдарға мұндай өкілеттік беру Республика Конституциясының K951000_ 3-бабының 3-тармағына қайшы келеді, - деп т ү с і н д і р д і .

Республика Конституциясының 3-бабының 3-тармағында, халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізеді, - деп белгіленген. Үкіметтің негізгі өкілеттіктері Конституцияның 66-бабында толық баяндалмаған. Осы баптың 10) тармақшасына сай, Үкімет Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен өзіне жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Конституцияның 66-бабының 5) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Z952688_ Конституциялық заңның 9-
б а б ы н ы ң

14) тармақшасына сәйкес, сыртқы экономикалық саясатты жүргізу және сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар көру Үкімет құзырына жатады. Тауардың шығуын куәландыру - сауда саясатының маңызды құралдарының бірі болып табылады, демек, тауардың шығу сертификаттарын куәландыруды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыруға тиіс.

Конституцияның К951000_ 6-бабының 1-тармағында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады деп белгіленген. Бұл норманың түсіндірмесін Конституциялық Кеңес өзінің "Қарағанды облысы Балқаш қаласы сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 52-бабын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабына ескертулердің 5-тармағын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы" 2000 жылғы 6 желтоқсандағы N 20/2 S000020_ қаулысында берген болатын.

Өтініште сондай-ақ, бірқатар елдерде тауардың шығу сертификаттарын куәландыру құқығы сауда-өнеркәсіп палаталарына берілгендігі атап көрсетіледі. Алайда, тауардың шығуын сауда-өнеркәсіп палаталарының куәландыруы халықаралық құқықта нормативті түрде бекітілмеген.

Конституцияның, Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық принциптері мен нормаларын құрметтейтіндігі туралы 8-бабының нормасы, ішкі мемлекеттік құқық құру кезінде Республиканың оларды ескеруге деген ұмтылысын білдіреді. Бұл орайда, Қазақстанның қолданып жүрген құқық жүйесі Республика Конституциясына сәйкес құрылады және Республика бекіткен халықаралық шарттардың ғана заңдардан басымдығы болады.

Халықаралық практика мен құқықтық актілерде тауар шығарылған елді куәландыру мәселесінің шешілуі мемлекеттің ішкі заңнамасына жатқызылған. Мәселен, Еуропа Қауымдастығының Жалпыға бірдей преференциялар жүйесі схемасының шеңберіндегі шығу Ережелерінде, тауардың шығуы, еркін сауда аймағы туралы немесе аймақтық экономикалық топ құру туралы келіссөзден бастап, соңы демпингке қарсы баж қолдану немесе импорттық лицензиялар беруге дейін, кез-келген сауда саясатын жүргізудің маңызды құралдарының бірі болып табылады, - деп жазылған. Осыны ескере отырып, Ережелерде, сондай-ақ, егер экспортталатын тауар осы елде шығарылған деп қаралатын болса, шығу сертификатын бенефициар елдің тиісті мемлекеттік органы береді, - деп белгіленген. Өнімнің шығуын және сертификатта көрсетілген өзге де ақпаратты тексеру үшін қажетті кез-келген шараларды көру жауапкершілігі сол елдің құзырлы мемлекеттік органына жүктеледі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген, "Тауар шығарылған елді анықтау ережелерінде", "тауардың шығуы туралы сертификатқа" - тауар шығарылған ел

туралы біржақтамалы куәлік беретін және экспорттаушы мемлекеттің ұлттық заңнамаға сәйкес уәкілетті органы берген құжат, - деп анықтама берілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 1552 P001552_ қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы Ережеге сай, тауардың шығу сертификаттарын беру құқығы аталған Комитетке, яғни уәкілетті мемлекеттік органға берілген.

"Қазақстан Республикасының Экономика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің кейбір ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1227 P001227_ қаулысымен, тауардың шығуын куәландыру құқығы "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" ашық акционерлік қоғамға (бұдан әрі - акционерлік қоғам) жүктеледі. Алайда, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 18 ақпандағы N 15/2 S990015_ қаулысын негізге ала отырып келтірген наразылығы бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 46 P010046_ қаулысымен тауардың шығуын куәландыру аталған акционерлік қоғамның қызметі нысанынан алынып тасталған. Бұл қаулымен, акционерлік қоғам тауар шығарылған елді 2001 жылғы 1 шілдеге дейін куәландырады, кейін бұл құқық Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық органдарына өтеді, - деп белгіленген. Республиканың Энергетика, индустрия және сауда министрінің 2000 жылғы 28 қарашадағы түсіндірме хатында атап көрсетілгеніндей, бұл мерзім тауардың шығу сертификаттарын куәландыруға Комитет уәкілет берген тұлғалардың мөрлері мен қолдары бедерлемесінің жаңа үлгілерін бекіту үшін қажет.

Осылайша, Конституциялық Кеңес, өзінің жоғарыда аталған қаулыларындағы сияқты, тауардың шығу сертификаттарын куәландыруды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыруға тиіс деп есептейді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_ 3-бабы 3-тармағының және 66-бабы 5) тармақшасының нормаларын, өтініш мәселесіне қатысты қолданыста, тауардың шығу сертификаттарын уәкілетті мемлекеттік

орган куәландыруға тиіс, деп түсіну ләзім.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы 1-тармағы нормасының түсіндірмесі Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 6 желтоқсандағы N 20/2 S000020_ қаулысында берілген.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының, Республиканың халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейтіндігі туралы 8-бабының нормасы, ішкі мемлекеттік құқық құру кезінде Республиканың оларды ескеруге деген ұмтылысын білдіреді. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының қолданып жүрген құқығы Республика Конституциясының нормаларына сәйкес болуға тиіс және Республика бекіткен халықаралық шарттардың ғана заңдардан басымдығы б о л а д ы .

4. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына

сәйкес, қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.